

**"Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 511 қаулысына толықтыру енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 13 шілдедегі № 934 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 3 маусымдағы № 361 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 13 мамырдағы № 511 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 38, 461-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген базалық қаржыландыру субъектілері болып табылатын ұйымдардың тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі" деген бөлімде: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 69-1-жолмен толықтырылсын:

"69-1. "Академик Ш.Ш. Шокин атындағы Қазақ энергетикалық ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

К. Мәсімов